

Ізашар*Дала тарихының дауылпазы

Қорғанбек АМАНЖОЛ

Есенберлин – 100

«Ілияс Есенберлин. Суреткер ақиқаты – тарих шындығы» атты алқа-қотан әңгімеге қатысушылар 100 жылдығы атап өтіліп жатқан заманымыздың аса көрнекті жазушысына осындай баға берді.

Бір ғажабы, осы шара қазіргі Қазақстан Жазушылар одағы ғимаратының бір кездері Ілияс Есенберлин отырған кабинетінде өткізілді. Бұл бөлмеде бүгінде ақсақалдар алқасы орналасқан. Сөйтіп, жазушы рухы өзі жайлы зерделі әңгіменің басы-қасында болып, айнала төңіректе қалықтап жүргендей әсер етті. Одақтың басқарма төрағасының бірінші орынбасары, ақын Ғалым Жайлыбай бұл алқалы жиынның М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен бірлесіп өткізіліп жатқандығын атап айтты. І.Есенберлиннің 100 жылдығы Үкіметтің республика бойынша кеңінен аталып өтілетін мерейтойлар тізбесіне енген көрінеді. Бүгінгі жиын – қарашаңырақтағы жыл басындағы бірінші әңгіме десе де болғандай. Оның үстіне кеңестік сіреу саясат тұсында ұлттық сананы оятып, қазақтың арғы тарихын алғаш қопара жазған дәуір суреткерінің 100 жылдығы Қазақ хандығының 550 жылдығымен тоқайласа тұспа-тұс келуі Құдайдың бір жырғап бергеніндей болды. 550 жылдық той іс-шараларының біраз бөлімдері тарихи тақырыптың тарланбозы Есенберлин есімімен байланысты айшықталмақ. Сонымен бірге, Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, сенатор Нұрлан Оразалиннің сауал жолдап ізерлеуі арқасында республикалық, облыстық бюджеттерден қаржы бөлініп, бүгінде өзі де тарих тұлғасына айналған қайсар қаламгердің ескерткішін орнату мәселесі өз шешімін тапқандай. Сонымен, Есенберлин жылы басталып кетті деп жалғады сөзін Ғ.Жайлыбай. Мерейтойға ретімен өте бермек. Астана, Алматы және жазушы ластырылған кең көлемді өткізілмек.

Әдебиетіміздің абыз академик Шериаздан даралығын айқындайтын шелігін тап басып маңыздылығына тоқталды.

Үлкен жазушыларымызды ұлы, аса көрнекті, классик деп қошеметтей беруге болар. Бірақ ол несімен ұлы, неңдей сипатымен дарабоз екендігін айта білген абзал. Осы тұрғыдан келгенде Ілияс Есенберлиннің жөні тіптен бөлек. Ертеректе Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіров туралы толғау өлеңінде ол оның қазақ халқының қыран ұлы екендігін баса көрсетеді. Ал «Қатерлі өткел» романында астарлы түрде ол кезде аттарын атаудың өзіне тыйым салынған Ахмет Байтұрсынов пен Мағжан Жұмабаевтың бейнелерін сомдайды. Олардың аузына «Ұлт тәуелсіздігі» дейтін сол заманда ешкімнің ойы түгіл, түсіне кірмеген сөздерді салады. Бас кететін тәуекелге бел буып Кеңесары туралы романын жазады. Алты ғасырлық қатпарлы қазақ тарихын қамтыған «Көшпенділер» трилогиясының өн бойында ұлттың береке-бірлігін басты мұрат етіп қояды. Ал одан кейінгі «Алтын орда» трилогиясын «...тікенектің орнына гүл шықты. Ол гүл Қазақстан Республикасы деген ел еді» деп аяқтайды.

Белгілі жазушы Қабдеш Жұмаділов атақты «Қаһар» романының алғашқы аты «Хан Кене» болғандығын баян етті. Мұндай атаумен шығарма өтпейтін болғандықтан оны өзгертуге тура келген. Бағына қарай екінші атау да сәтімен табылып, ұлттық рухтың символына айналып жүре берді. Жазушы күдіреті ең алдымен оның азаматтық ұстанымынан, қай тақырыпты таңдап алуынан көрінеді. Осы тұрғыдан келгенде қазақ әдебиетіндегі мұрты бұзылмай жатқан тарихи тақырыптың алғашқы мұзжарғыш кемесі Ілияс Есенберлин болғанын әсте ұмытпауымыз керек.

Жазушы Марал Сқақбаев Ілекенді айрықша жақсы көруі «Қаһар» романынан басталғандығын еске алды. Иә, бұл роман шын мәнісінде халық санасын сілкіндірді, резонансы өте үлкен болды. Халық бұл кезде тарихи тақырыпқа сусап отырған-ды. «Алмас қылыш» та, «Жанталас» та тарихшылардың айта алмағанын айтып, жаза алмағанын жазып, тарих материалдарын мол қамтығандықтан да жұртшылық назарын аударды. Ал «Алтын орда» трилогиясы көркемдікке қойылатын шарттарды сақдай сайлы орындауымен де құнды. Шешен өз сөзін тарихи тақырыпты қаузайтын жазушыларға арналған Ілияс Есенберлин атындағы сыйлық тағайындау керек деген ұсыныспен түйіндеді.

М.Әуезов атындағы Әдебиет институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, жазушы Нұрдәулет Ақыш Есенберлиннің тарихи тақырыпты игерудегі көркемдік концепцияларына тоқталса, жазушы-драматург Сұлтанәлі Балғабаев оның әлеуметтік зерттеулер бойынша



арналған іс-шаралар рет-Алдағы күзге қарай Көкшетау қалаларында шығармашылығына орай-ғылыми конференциялар

қарттарының бірі, Елеуенов жазушының творчестволық ерек-

көрсетудің

Әрине, бұрынғы өткен

ең көп оқылатын қаламгер екендігіне дәйекті мысалдар келтірді. Ұйғыр жазушысы Ахметжан Ашири Ілекеңнің өз тарихи романдарымен қазақ халқының мың жылдық өмірін бейнелеп, өшпес рухты суреттеп ұлы ерлік, ұлы еңбек жасағанына сүйсінісін білдірді. Сыншы Бақытжан Сарбалаев Ілияс Есенберлин мұрасы бүгінгі қазақ әдебиетінің даму мәселелерімен байланыстырыла зерделенуі қажеттігіне назар аударды. Әдебиет институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы Гүлжаһан Орда Есенберлин қалыптастырған тарихи мектеп бүгінгі таңда тамаша жалғасын тауып жатқандығын баяндады.